

проводимой ею политики. СМИ предоставляется полная свобода, журналисты получают возможность творческой работы. Каждый печатный орган по-своему анализирует, и преподносит читателям происходящие в обществе политические события. Устанавливая плюрализм мнения. Индивид, получая информацию от придерживающихся различных направлений СМИ, сам делает выводы о происходящих событиях, повышает свою политическую и правовую грамотность.

Казахстан за 25 лет построил независимое, суверенное и правовое государство. Но это только первая ступень прогресса страны. Главная цель войти в десятку развитых стран мира не только в экономике, но сохранить и приумножить все общечеловеческие ценности. Благодаря политической зрелости и мудрости первого Президента Республики Казахстан, это достижение не за горами [6, 433].

Список литературы:

1. Правовая идеология // <http://ru.wikipedia.org>
2. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. - Алматы: Атамұра, 2003.- 236 с.
3. Толкачев, К.Б. Правовая идеология в структуре профессионального сознания государственных служащих // Государство и право. - 2007. - № 11. - С.101.
4. Назарбаев Н.А. Казахский путь.- Алматы: Атамұра, 2010.- 372 с.
5. Ибраева А.С. Теория государства и права: Учебн. пособие. 2-е изд. с доп. и изм. - Алматы: Жеті жарғы, 2003. - 432 с.
6. Сальников В.П. Правовая культура. Теория государства и права / Под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. - М., 2013. - 433 с.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ МӘНІ

Бирманова А.И., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Сайран Г., заң факультетінің 2 курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Азаматтық қоғам — онда болып жатқан процестер мен қатынастардың басты әрекет етуші тұлғасы мен субъектісі ретінде өз қажеттіліктерінің, мүдделері мен құндылықтарының барлық жүйесімен бірге адам болып табылатын қоғам.

Бұл ұғым сонымен қатар мемлекет пен оның органдарына тәуелсіз өмір сүретін қоғамдық: саяси, экономикалық, мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және басқа қатынастардың барлық жиынтығын білдіреді, жеке мүдделердің әралуандылығын көрсетеді. Қоғам демократиялық дамудың белгілі бір сатысында ғана азаматтық болады және елдің экономикалық, саяси дамуына, халықтың әл-ауқатының, мәдениеті мен сана-сезімінің өсу шамасына қарай қалыптасады.

Елде азаматтық қоғамды қалыптастыру және демократияны дамыту өзара тығыз байланысты: азаматтық қоғам неғұрлым дамыған болса, мемлекет соғұрлым демократиялырақ болады.

Азаматтық қоғамды дамытудың алғышарттары меншіктің алуан түрлі нысаны кезінде азаматтарда экономикалық дербестіктің пайда болуы мен адами жеке тұлға мәртебесінің артуы болып табылады. Құқықтық мемлекет және демократия азаматтық қоғамның саяси іргетасы ретінде қызмет етеді, бұлар жеке тұлғаның барлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қоғамда тұрақтылық, қауіпсіздік, әділеттілік және ынтымақтастық жағдайын құру мақсатында оны дамыту үшін қажет.

Азаматтық қоғамның экономикалық негізін, тең танылуы мен қорғалуының заңнамалық кепілдіктерімен қамтамасыз етілген, меншік нысандарының әралуандылығы мен дара меншік иелерінің егемендігі құрайды [1, 59].

Азаматтық қоғам өмір сүруінің басты базалық шарттарының бірі тәуелсіз БАҚ арқылы қамтамасыз етілетін жариялылық болып табылады. Демократия жағдайында азаматтық қоғам институттары мен мемлекет ортақ жүйеде әртүрлі, бірақ өзара тәуелді бөліктер ретінде жұмыс істейді. Билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасады, ал өзара іс-қимыл ымыраға қол жеткізуге бағытталады.

Демократиялық мемлекеттің азаматтары дербес бостандық құқығын пайдаланады, бірақ сонымен бір уақытта олар басқа мемлекеттік институттармен бірге болашақты құру жауапкершілігін бөліседі. Азаматтық қоғам демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана билік пен

азаматтық қоғам арасындағы қатынастар көпшілік келісім негізінде қалыптасатын ең жоғары даму деңгейіне жетеді. Азаматтық қоғамдағы демократиялық рәсімдер билік қызметінің сапасын бұқаралық бағалау құқығына және қоғам мүдделері үшін билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді.

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің міндеті жаратылысы жағынан әртүрлі азаматтар мен заңды тұлғалардың бірлестіктері (партиялар, ҰЕҰ, БАҚ, одақтар, қауымдастықтар, бастамашылық топтары және басқалары) адам мен мемлекет арасындағы байланысты жүзеге асыратын және соңғысының билікті бір қолға алуына мүмкіндік бермейтін азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту үшін қажетті жағдай жасау болып табылады.

Азаматтық қоғамның міндеті — жеке адам мен мемлекет арасында делдал болу. Азаматтық қоғамның мақсаты қоғамның әр мүшесінің мүдделерін қорғау, оның мүдделерін билік пен қоғам алдында бейімдеу, билік қызметін қоғамдық бақылау әрі оның ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру болып табылады. Азаматтық қоғам институттарына саяси партиялар, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіптік одақтар, діни бірлестіктер, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми одақтар мен бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары, сондай-ақ қоғам үшін түрлі қызмет пен қызмет көрсетулердің кең ауқымын іске асыратын, қызметтің алуан түрін жүзеге асыратын мемлекеттік емес қорлар, коммерциялық емес мекемелер, заңды тұлғалар одақтары (қауымдастықтары), қоғамдық пайдалы міндеттерді шешетін басқа да ұйымдар мен бастамашылық топтар түрінде құрылған мемлекеттік емес ұйымдар жатады [2, 76].

Азаматтық қоғамның пайда болуы жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Біреуі оны буржуазиялық қоғамның желісі дей келіп, нарықтық қатынастармен байланыстарады. Екіншілері ондай қоғам белгілі бір шамада қашан болмасын болған дейді. Азаматтық қоғам идеясы өте ертеде пайда болды. Аристотель еңбектерінің өзінде азаматтық қоғамдағы меншіктің рөлі туралы пікірлері кездеседі. Ол кім меншікке ие болса, сол ізгіліктің, адамгершіліктің де иесі болады деп жазды.

Азаматтық қоғам деп мемлекеттік құрылымнан қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени – рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтады. Ол жеке тұлғаның еркін-еркін дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне араласуына өте-мөте шек қойылады. Ал олардың атқаратын міндеттерін азаматтар өз еркімен оларға берген және орындалуын өздері тексереді.

Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тудырған қауымдастықтар, азаматтардың өндірістік немесе жеке өмірі, олардың әдет-ғұрып, салттары кіреді.

Азаматтық қоғамда адамдардың экономикалық, саяси және рухани өмірінің түрін еркін таңдауына және жүзеге асыруына заң жүзінде кепілдік беріледі. Олар мемлекет тарапынан қатаң тәртіпке алынудан сенімді түрде қорғалады.

Біздің жас еліміздің кешегісі мен келешегінің арасындағы байланысты мынадай қарапайым тұжырым бейнелей алады: тиімді экономика, либералдық қоғам, ұлттық қауіпсіздік.

Жиырмамыншы ғасырдың соңындағы басты саяси тағылым демократияландыру қағидасының ортақтығында жатыр. Біздің демократияға беттеген қозғалысымыз әмбебап заңдылықтарға бағына отырып, бірнеше мәселелерді шешуі керек. Бірінші, барлығы заңдарға сүйеніп өмір сүретін нақты құқықтық мемлекет құру. Екінші, демократия дегеніміз, қанша маңызды әрі бағалы екеніне қарамастан, саяси бостандық қана емес. Үшінші, саяси жүйені ырықтандырған кезде біз аймақтағы халықаралық экстремизм қысымының ұлғайып келе жатқанын, халықтың аса күрделі ұлттық және мәдени-діни құрамын ұдайы есте ұстауымыз керек.

Азаматтық қоғамның тарихи даму өрісіне көз салсақ, нарықтық экономика дәстүрлі қоғамның ескі құрылымдарының жойылуына және жаңа үлгідегі қоғамның пайда болуына себепші болғанын көреміз. Азаматтық қоғам екі түсінікке негізделеді – жеке тұлға және меншік. Батыс Еуропада азаматтық қоғам осы екі түсініктің негізінде қалыптасты.

Меншік жеке тұлғаның және бүкіл қоғамның еркіндігінің алғышарты. Барлық азаматтарды меншік иесісі қылу міндет емес, басты міндет – барлық адамдарға, қоғамдық иеліктің бірлесе иеленушісі болу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Азаматтық қоғамда “заңмен тыйым салынбағанның бәрі рұқсат” қағидасы үстем рөлге ие. Қағидаға сәйкес, еркін индивид еркін қоғамда заңға және өнегелік нормаларға қайшы келмейтін әрекеттерді жасауға ерікті. Осы аксиоманың заңнамада бекітілуі, адамдарға өздерінің мүмкіндіктерін және мүліктерін кәсіпкерлікте және заңмен тыйым салынбаған басқа да экономикалық қызметте қолдануға жол ашады. Саяси тұрғыдан азаматтың еркіндігі мемлекеттен

тәуілсіздігінен көрінеді, мысалы азаматтың, әрекет етіп тұрған мемлекеттік билікті сынайтын саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің мүшесі құқығы, мемлекеттік билік және жергілікті өзін - өзі басқару органдарына сайлауларға қатысу немесе қатыспау құқығы. Индивид мемлекеттік және басқа да құрылымдардың өзіне қатысты әрекеттерін белгілі бір механизмдер арқылы (сот, қоғамдық пікір, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.) шектей алған жағдайда, еркіндік қамтамасыз етілген деп есептеуге болады [3, 35].

Азаматтық қоғам – ашық әлеуметтік құрылым. Осы қоғамда сөз бостандығы, жариялылық, қажетті ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндігі, басқа елдермен ақпараттық, ағартушылық технологиялар туралы ақпараттармен еркін алмасу, шетелдік мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен мәдени және ғылыми ынтымақтастық, халықаралық және шетел бірлестіктерінің әрекет етулеріне халықаралық құқық қағидалары және нормалары негізінде жәрдем ету қамтамасыз етіледі. Осы қоғамда жалпыға танылған адамгершілік нормалары үстемділікке ие. Осындай қоғамдық құрылым ұқсас құрылымдармен қатысу үшін ашық болады және әлемнің қоғамдық – саяси, әлеуметтік – мәдени, рухани - діни және т.б. салаларындағы соңғы жетістіктері осы қоғамда өз көріністерін табады.

Азаматтық қоғам бір саясатқа, бір идеологияға бағынудан арылған. Азаматтық қоғамда идеологиялық монополизмге орын жоқ, бір идея ерекшелікке ие бола алмайды. Осы белгінің қажеттілігі, тоталитарлы мемлекеттегідей күмәнсіз, жалғыз идеяның қалыптасуын алдын – алуға бағытталған. Азаматтық қоғамда пікірлердің, идеялардың көптігі әрекет етеді. Дегенмен, мемлекетте бүкіл қоғамды біріктіретін жалпы ұлттық идеяның болуы қажет. Мысалы, осындай идеяның үлгісі – “адамға қызмет ететін мемлекет”. Осы идеяны ұран еткен қоғамда адам, оның құқықтары, бостандықтары, оның еркіндігі басты құндылық болып табылады. Қоғамның бүкіл мүшелерін жұмылдыратын, ұмтылуға нысана болатын, жаңа қоғамның рухани тірегі бола алатын, осы сияқты идеология азаматтық қоғамның қалыптасып, әрекет етуі үшін қажет.

Азаматтық қоғамда тұрғындардың лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін әлеуметтік саясат қажет. Әлеуметтік мемлекет және азаматтық қоғам бір ағзаның екі бөлігі болып табылады. Әрқайсысы, адамдардың негізгі құқықтарының жүзеге асырылуына қызмет етеді.

Азаматтық қоғамның құрылымдары қоғамдық өнімді әлеуметтік әділеттілік нормалары негізінде өндіріліп, бөлінуін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік саясатта ауру – сырқауларға, қарттарға, кемтарларға, баспанасыздарға және әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған тағыда басқа адамдарды қамсыздандыру басты назарды болады. Осының барлығы, мемлекеттік және қоғамдық институттар арқылы, адамдардың ниеттестігі, ерікті әлеуметтенуі арқылы қамтамасыз етіледі.

Азаматтық қоғам болуы үшін, мемлекетте халықпен сайланған өкілді заңшығарушы мекемелердің қалыпты қызмет етуі қажет. өкілді заңшығарушы органмен қоғам арасында кері байланыс болуы қажет. Қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар қажет болғандықтан, заңшығарушы қоғамның тыныс – тіршілігін анық білуі тиіс. Заңшығарушымен шығарылған заңдар жүйесі дұрыс қалыптасқан болуы және бір – бірімен қайшылықта болмауы шарт. Заң, нақты қоғамның ерекшеліктерін ескере отырып, оның дәстүріне сай қалыптастырылуы қажет.

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет идеялары және олардың өзі салыстырмалы бір мезгілде пайда болады. Олардың арақатынасын анықтау барысында пр. З.М.Черниловскийдің көзқарасы бойынша мынадай шарттарға назар аудару қажет:

- 1) азаматтық қоғам мемлекетке дейін және одан тыс өмір сүрмейді;
- 2) мемлекет азаматтардың әл-ауқатына және олардың мақсатын жүзеге асыруына қажетті қамқорлық көрсетеді;
- 3) азаматтық қоғам мемлекеттен өмірді, денсаулықты, қауіпсіздікті талап етуге құқылы;
- 4) мемлекетке топтардың арасындағы қайшылықтарды шешуге қажетті әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру міндеті жүктеледі;
- 5) мемлекеттің сыртқы саясаты мен қорғаныс қуаты қоғамның өмір сүруіне және өзге халықтармен материалдық және рухани жақындасуына қамтамасыз етеді.

Аталған көзқарасты талдай отырып, онда мемлекеттің басымдылығы орын алғанына және азаматтық қоғамға жеткілікті құқықтық баға берілмегеніне куә боламыз. Осыны жоққа шығарғысы келгендей автор мынандай түсіндірме жасайды: «Қоғам мемлекетпен өзара әрекеттестікте болуға, мемлекетке және оның мекемелеріне... қатысты жоғарғы егеменділігін сақтай отырып, оның саясатына әсер етуге тиісті» [4, 56] - деп жазады. Бұнда азаматтық қоғамның мемлекетке қатысты «жоғарғы егеменділігінің» барлығы танылады және бұл біздің көзқарасымыз бойынша орынды.

«Азаматтық қоғам» термині ерекше мазмұнға ие және қазіргі мағынасында қоғамның нақты бір тұрпатын, қалпын, сипатын, оның әлеуметтік – экономикалық, саяси және құқықтық

табиғатын, даму және кемелдену дәрежесін білдіреді. Басқаша айтқанда, осы түсінік арқылы тарих тәжірбиесімен қалыптастырылған өлшемге сәйкес келетін өркениетті қоғам анықталады.

«Азаматтық» түсінігі шартты болғанымен терең мазмұнға ие. Осы құбылыстың мәні көп қырлы және ғалымдармен әртүрлі түсіндіріледі. Дегенмен, оның бір белгісі айқын, яғни құқық әрекет ететін әрбір мемлекет құқықтық емес, сол сияқты азаматтары бар әрбір қоғам, азаматтық емес. Мысалға, Кеңестік қоғам ешқашан құқықтық және азаматтық болған емес. Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптасуы үшін, оның институттарының табиғатының нақты түсініктерін қалыптастыру қажет.

Азаматтық қоғамға құқықтық әдебиетте және баспада берілетін анықтамалар түрлі болады. Ресейлік философ К.С. Гаджиев келесідей анықтаманы және түсініктемені ұсынады: «Азаматтық қоғам дегеніміз әлеуметтік, мәдени және рухани салалардың әрекет етуін, олардың қайта өндірілуін, ұрпақтан ұрпаққа өтуін және өмір сүруін қамтамасыз ететін жүйе, жеке индивидтердің және олардың ұжымдарының жеке және ұжымдық мүдделері мен қажеттіліктерінің жүзеге асуына жағдайлар жасауға бағытталған мемлекетке тәуелсіз, жеке дербес қоғамдық институттар және қатынастар жүйесі. Осы мүдделер мен қажеттіліктер жанұя, шіркеу, білім беру жүйесі, ғылыми, кәсіби бірлестіктер, асоциациялар, ұйымдар және т.б. арқылы көрінісін тауып жүзеге асады. Жалпы, азаматтық қоғам жеке индивидтердің жеке мүдделері, қажеттіліктері және т.б. саласымен теңестіріледі». «Азаматтық қоғам – меншік иелері болып табылатын еркін индивидтердің және олардың бірлестіктерінің өзіндік мүдделерінің ерекше саласын құрайтын мемлекеттен және саясаттан тыс қатынастардың (экономикалық, әлеуметтік, мәдени, өнегелік, рухани, корпоративті, жанұялық, діни) жиынтығы».

Азаматтық қоғамға саяси-құқықты талдау жасау осы тұжырымды және оның мемлекеттен басымдылығын танудан бастау алады. Екінші қадам азаматтық қоғамның мемлекеттен салыстырмалы тәуелсіздігі мен дербестігін тану болып табылады. Бұған жеке индивидтер мен ұжымдардың өзін-өзі жүзеге асыруы (Гаджиев К.С.), жекеліктердің өзіндік одаққа бірігуі (Ақмамбетов Г.Г.), азаматтық бостандықтар (Матюхин А.А.) тәріздес жартылай құқықтық, жартылай философиялық белгілерді қосуға болады. Аталған қасиеттер азаматтық қоғамды басым түрде өзін-өзі ақтайтын және қаржыландыратын экономикалық құрылымдары бар өзін-өзі өндіруші қоғам ретінде анықтайды. Оның мәнін анықтайтын негізгі белгілері құқықтық өзін өзі басқару және құқықтық өзіндік реттеу болып табылады. Заңдарды азаматтық қоғаммен сайланған заң шығарушы органдармен мемлекет шығаратын болғандықтан, азаматтық қоғамның заңдық базасы белгілі бір мерзім ішінде қалыптастырылады және заман талабына сай өзгеріп отырады [5, 130].

Азаматтық қоғамның атқару билігімен өзара әрекеттестігі кейбір қиындықтар тудырады. Сыбайлас жемқорлықтың теріс ықпалын атамағанда, өзге де бюрократиялық сорақылықтар жетеді. Оның теріс ықпалын тіпті жоққа шығару мүмкін емес тәріздес, дегенмен де оны төмендету мүмкіндігі бар. Олардың қатарына азаматтық қоғамның құқықтық жүйесін және құқықтық мемлекетті, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті, құқықтық білім беруді дамыту жатады. Академик М.Т. Баймаханов былай деп атап көрсетеді: Этатистік мемлекет диктатқа, қоғамды қатаң бақылауға алуға жүгіне отырып, оның ісіне араласады да, азаматтық қоғамға айналуына кедергі келтіреді. Этатизмнің тамырын жою және мемлекеттіліктің құқықтық бастауларының пайда болуы азаматтық қоғам құруға ықпал етеді, ол өз алдына құқықтық мемлекет құрудың жеделдетілген процессінің маңызды материалдық алғы шарты болып табылады. Аталған екі факторды (азаматтық қоғамның қалыптасуы мен құқықтық мемлекет құруды) бір-бірінен ажыратуға болмайды, себебі олар органикалық байланыста, бір-біріне жағымды жағдай тудырады [6, 140].

Мемлекетімізде, азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін негізгі бағыттарды белгілеуге болады:

- меншік нысандарының алуан түрлерін және нарықты қамтитын жаңа экономикалық қатынастарды қалыптастыру және дамыту;
- осы құрылымға сәйкес келетін және индивидтерді, әлеуметтік топтарды біртұтас жиынға біріктіретін, нақты мүдделер жүйесі;
- азаматтық қоғамның негізгі институттарын құрайтын әр тектік ассоциациялардың, әлеуметтік және мәдени бірлестіктердің; қоғамдық – саяси қозғалыстардың әртүрлі нысандарын қалыптасуы;
- әлеуметтік топтар және жиындар (ұлттық, кәсіби, аймақтық, жыныстық, жастық және т.б.) арасындағы қарым – қатынастардың жаңаруы;
- жеке тұлғаның өзінің шығармашылық жүзеге асуы үшін экономикалық, әлеуметтік және рухани алғышарттардың қалыптастыруы;

- қоғамдық өмірдің бүкіл деңгейлерінде әлеуметтік өзін - өзі реттеу және өзін - өзі басқару механизмдерін қалыптастыру [7, 75].

Азаматтық қоғамның қалыптасу үрдісі өздігінен жүреді, өйткені, кемелденген азамат қалыптасуы үшін, тұлғалық бастаулардан қалыптасатын, дамыған сана қажет. Тұлғалық бастаулар қалыптасуы үшін, тұлғаның тұрақты, жеке кемелденуіне бағытталған ұмтылысы қажет. Қазақстандық қоғамның жаңару және кемелдену үрдісінің кепілі, азаматтық қоғамның қалыптасуы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шоманов А.Ж. Потенциал институтов гражданского общества в обеспечении социальной стабильности в Казахстане // Аналитическое обозрение. - 2010. - № 5. - С.58-61
2. Дюсенова М.М. Проблемы формирования гражданского общества в Республике Казахстан // Вестник АГУ. - 2009. - №1. - С.76-80.
3. Бельгибаев С. Развитие гражданского общества в Казахстане // Саясат. - 2002. - № 1.- С.34-38.
4. Нукенов А.Н. Биліктің бөліну теориясы: қазақстандық тәжірибе мәселелері // Саясат. - 2008. - №6.- Б.54-59
5. Гаджиев К.С. Концепция гражданского общества: идейные истоки и основные вехи формирования // Вопросы философии. - 2010. - №7. - С.129-133.
6. Баймаханов М.Т. Проблема этатизма. – Алматы, 2001. – 335 с.
7. Абенев Е. Децентрализация политической власти как условие институционализации демократии // Евразийское сообщество. - 2007. - №4. - С. 74-79.

ПОНЯТИЕ И ЮРИДИЧЕСКАЯ ПРИРОДА ПОДЗАКОННЫХ НОРМАТИВНЫХ АКТОВ

*Ахметова Н.С., к.ю.н., профессор кафедры теории и истории государства и права
Ибраев А.Д., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова*

Правовой науке известен целый комплекс различных источников права, которые могут служить способом внешнего существования нормативно-правового предписания. В процессе своего развития человечество для воплощения нормы права в пригодную для регулирования форму использовало и государственно-властное санкционирование обычаев, и судебный прецедент, и положения соглашений, и религиозные нормы. Однако, в конце концов, в большинстве стран в качестве основного средства придания норме права определенной, санкционированной государством формы стали использоваться нормативно-правовые акты. В современном мире нормативно-правовые акты являются самой распространенной формой выражения правовых норм.

В юридической литературе нормативному правовому акту дается определение в различных вариациях. Довольно типичными, при этом отражающими сложившееся представление о нормативном правовом акте на современном этапе являются следующие: нормативный акт — это имеющий формальный характер государственно-правовой документ, в котором в письменной форме выражено решение уполномоченного органа правотворчества (или по его поручению общественной организацией) об установлении, изменении или отмене правовых норм, и который должен быть официально, в установленном порядке оформлен для использования, т.е. это властное предписание государственных органов, которое устанавливает, изменяет или отменяет нормы права (закон, кодекс, постановление, инструкция и др.) [1, 19].

В системе нормативных правовых актов, помимо законов, выделяют множество других видов нормативных актов, условно объединяемых понятием «подзаконные нормативные правовые акты». Такое разделение нормативных актов, показывает, что правовое регулирование общественных отношений в современных государствах осуществляется не только одним лишь законами, как могло бы предполагаться в идеале, но и другими видами нормативных правовых актов, в виду высокой сложности и динамичности регулируемых общественных отношений. Подзаконные нормативные правовые акты призваны развивать и конкретизировать положение законов, а так же соответствовать им. В подзаконных нормативных правовых актах содержится значительная часть всех правовых предписаний.